

А.О. Сыздықова, PhD., қауымд. профессор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: aziza.syzdykova@ayu.edu.kz

ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ

2000-шы жылдардан бастап әлемде серпін алған тұрақты қаржыландыру құралдары қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді жоюға немесе қоршаған ортаға пайда әкелетін шешімдерді қамтитын қаржылық өнімдер мен қызметтерді қамтиды. Қаржылық қызметтер секторы жеке банкінг, корпоративтік банкінг/инвестициялық банкінг, даму банкi, активтердi басқару және сақтандыру компаниялары сияқты әртүрлі институттардан тұрады. Тұрақты қаржыландыруды түсіну арқылы осы институттарға қатысты көптеген экологиялық таза қаржылық өнімдер мен қызметтер дами бастады, олар Еуропаның және әлемнің әртүрлі бөліктерінде жүзеге асырылуда.

Бұл мақалада тұрақты қаржы құралдарына ерекше назар аударылады, бүгінгі қаржылық ортадағы тұрақты қаржының маңызды рөлі талданады. Дәстүрлі қаржы парадигмасымен салыстырғанда, тұрақты қаржы құралдары қоршаған орта, әлеуметтік және басқару факторларын қамтитын перспективамен ерекшеленеді.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – жасыл облигациялар, әлеуметтік облигациялар, жасыл несие және жасыл биржалар сияқты тұрақты қаржы құралдарының жұмыс істеуі мен қолданылуын егжей-тегжейлі талдау болып табылады. Сондай ақ мақалада тұрақты қаржы құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырылады.

Зерттеудің әдісі ретінде қаржылық нарықтардағы тұрақты қаржы құралдарының рөлін түсіну және осы құралдардың қаржы жүйесіне интеграциясын бағалау үшін ғылыми әдебиеттерді жүйелеу, дедуқциялау және индукциялау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері тұрақты қаржы құралдарын пайдалану инвесторлар үшін де, қаржы институттары үшін де тұрақтылық мақсаттарына қол жеткізудің маңызды құралы болып табылатынын көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуде тұрақты қаржыландыруды негұрлым тиімді және кеңінен қолдануды қамтамасыз ету үшін бірнеше ұсыныстар жасалады.

Кілт сөздер: тұрақты қаржы, тұрақты қаржы құралдары, жасыл қаржы, жасыл облигация, әлеуметтік облигация, жасыл несие, жасыл биржа

Ключевые слова: устойчивое финансирование, устойчивые финансовые инструменты, зеленые финансы, зеленые облигации, социальные облигации, зеленый кредит, зеленая биржа

Keywords: sustainable finance, sustainable financial instruments, green finance, green bond, social bond, green loan, green exchange

JEL classification: G20, G28, F30

Кіріспе. Тұрақты қаржыландыру қазіргі динамикалық және күрделі қаржылық ортада маңызды бола түсуде. Дәстүрлі қаржылық тәсілдерден тыс тұрақты қаржыландыру қаржылық шешім қабылдаушылар үшін стратегиялық негізді қамтамасыз ете отырып, экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын қаржылық шешім қабылдау процестеріне біріктіруге бағытталған. Бұл тұрғыда құнды құрудың ұзақ мерзімді әлеуеті және қаржылық көрсеткіштерден тыс тәуекелдерді басқару тұрғысынан тұрақты қаржыландырудың маңыздылығы барған сайын арта түсуде. Тұрақты қаржыландырудың негізі әртүрлі мүдделі тараптар арасындағы теңгерімді қарым-қатынасты сақтау болып табылады. Инвесторлар, компаниялар, қаржы институттары және қоғам қаржылық экожүйенің тұрақты қаржыландырудың әртүрлі аспектілеріне үлес қосу арқылы тұрақты дамуға қалай қызмет ете алатынын қалыптастырады. Қазіргі уақытта қаржыландыру тек материалдық кірісті ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік салдар мен қоршаған ортаға әсерді де ескеруі керек. Экологиялық, әлеуметтік және басқару (Environmental, Social and Governance- ESG) факторлары қаржылық көрсеткіштерге әсері тұрақты қаржыландырудың негіздерінің бірі болып табылады. Бұл факторлар инвесторларға портфельді бағалау және тәуекелдерді басқару кезінде оларды пайдалану арқылы тұрақты дамуға бағытталған қаржылық стратегияларды құруға мүмкіндік береді. Осы

шенберде тұрақты қаржыландыру қоғамға және қоршаған ортаға жағымды әсер ету көзі бола алады, сонымен қатар қаржы институттары мен инвесторлар үшін құндылық қалыптастырады. Бұл зерттеудің мақсаты- қазіргі қаржы секторындағы тұрақты қаржыландырудың маңыздылығы мен әлеуетін бағалау болып табылады. Мақаланың міндеттері төменде келтірілген:

- Тұрақты қаржыландыру тұжырымдамасының дамуын қарастыру,
- Экологиялық тұрақты деп санау үшін экономикалық қызметке сәйкес келетін критерийлерді және 6 экологиялық мақсатты талдау,
- Жасыл қаржыландыру өнімдері және олардың шығарылым көлемін статистикалық талдау,
- Тұрақты қаржы құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыру,
- Тұрақты қаржыландыруды неғұрлым тиімді және кеңінен қолдануды қамтамасыз ету үшін ұсыныстар жасау.

Бұл мақалада ғылыми әдебиеттерді жүйелеу, дедукциялау және индукциялау әдістері қолданылды. Дедукция әдісі жалпы мәліметтер негізінде туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осы тақырып бойынша шетелдік және отандық әдебиеттер мен маусымдық жарияланымдар талқыланды. Тұрақты қаржыландырудың эволюциясын, оның қаржы нарықтарындағы рөлін және оның болашақтағы дамуын түсіну шешім қабылдаушылар, ғалымдар және қаржы саласындағы мамандар үшін маңызды ақпарат көзі болады.

Әдебиеттік шолу. Ғылыми кеңістікте тұрақты қаржыландыру тақырыбына арналған зерттеулер шетелдік әдебиеттерде көп болғанына қарамастан отандық әдебиеттердің саны шектеулі. Бұл зерттеу осы саладағы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған. Шетелдік әдебиеттерде тұрақты қаржыландыру тұжырымдамасына теориялық анықтама беру, ESG факторларын компаниялардың бизнес үлгілеріне біріктіру мәселелері, компаниялардың ESG принциптеріне бейімделу деңгейі қарастырылады.

Тұрақты даму және тұрақты қаржыландыру тұжырымдамалары интеграцияланған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық перспективаны құрайды. Тұрақты даму болашақ ұрпақтың азық-түлік, су, денсаулық сақтау қызметтері және энергия сияқты қажеттіліктерін жерге одан әрі зиян келтірместен қанағаттандыруға бағытталған [1]. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру қаржы жүйесінің арқасында мүмкін болады, оның негізгі функциясы ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, ресурстарды тұрақты жобаларға бөлу болып табылады [2]. Тұрақты қаржыландыру қарыз алушылар, несие берушілер және инвесторлар үшін маңыздырақ болып табылатын шешімдер қабылдау процестеріне, экономикалық даму мен инвестициялық стратегияларға экологиялық, әлеуметтік және басқару принциптерін қосу болып табылады [3]. ESG факторларын компаниялардың бизнес үлгілеріне біріктіру оларға климаттың өзгеруіне байланысты ұшырайтын және банктер мен сақтандыру мекемелері өз клиенттеріне бере алатын қаржылық тәуекелдерді азайту арқылы өздерін қорғауға мүмкіндік береді [4]. Өз қызметінде ESG критерийлеріне назар аударатын, институционалдық мағынада тұрақты әрекет етуге ұмтылатын және өз ақпаратын жұртшылыққа ашатын кәсіпорындардың кейбір қосымша шығындарға (көпшілікке жария ету және кейбір операциялық шығындар) қарамастан әлдеқайда көп пайда әкелетінін дәлелдейтін зерттеулер әдебиеттерде кеңінен ұсынылған. Капиталдың төмен құны, жоғары корпоративтік бедел, жоғары кірістілік коэффициенті, компанияның жоғары құны, көмірқышқыл газының шығарындыларынан туындаған қаржылық тәуекелдердің төмендеуі және қызметкерлердің жоғары мотивациясы осы артықшылықтардың бірнешеуі ғана [5,6,7]. Компаниялардың ESG принциптеріне бейімделу деңгейі инвесторлар үшін маңызды бола бастағанымен, бұл деңгей компаниялардың климаттың өзгеруі жағдайында тиімді трансформациядан өтуі үшін әлі де жеткіліксіз. Қазіргі уақытта компанияларды саяси мағынада ынталандыратын қадамдар қажет [8].

Негізгі бөлім. Дәстүрлі қаржыландыру тек қаржылық тәуекел мен кіріске бағытталған болса, тұрақты қаржыландыру, керісінше, тар серіктестік моделінен қаржылық, әлеуметтік және экологиялық кірістердің үйлесімін ескере отырып, маңызды мүдделі тараптардың кең моделіне көшудің кілті болып табылады [9]. Bruegel экономикалық сараптама орталығы тұрақты қаржыландыру тұжырымдамасының 3 кезеңі туралы мәлімдейді. Тұрақты қаржыландыру 1.0 кезеңінде акционерлік құн маңызды болды, ал қаржылық құндылық әлеуметтік және экологиялық құндылықтардан басым болды. Екінші кезеңде жалпы құндылық перспективасы қалыптасады және

басымдық мүдделі тараптарға беріледі. Ал ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік және экологиялық құндылықтардың қаржылық құндылықтардан басымдыққа ие болады (1-кесте).

Кесте – 1

Тұрақты қаржыландыру тұжырымдамасының дамуы*

Тұрақты қаржыландыру кезеңі	Жасалған құндылық	Факторлық рейтинг	Кезең
Тұрақты қаржыландыру 1.0	Акционерлік құн	ЖҚ>ӘҚ және ӘҚ	Қысқа мерзімді
Тұрақты қаржыландыру 2.0	Мүдделі тараптар үшін құндылық	ЖҚ=ҚҚ+ӘҚ+ӘҚ	Орта мерзімді
Тұрақты қаржыландыру 3.0	Қоғамдық құндылық	ӘҚ және ӘҚ>ҚҚ	Ұзақ мерзімді

Ескерту: ЖҚ: жалпы құндылық, ҚҚ: қаржылық құндылық, ӘҚ: әлеуметтік құндылық, ЭҚ: экологиялық құндылық
*Дереккөз: [9] негізінде автормен құрастырылған.

Бүгінгі таңда тұрақты қаржыландыру аясында көптеген және саралау тетіктері қолданылады деп айтуға болады. Бұл әртүрлілік бір жағынан географиялық қажеттіліктердің дифференциациясына және екінші жағынан анықтамаларды стандарттаудағы айырмашылықтарға байланысты. Инвестициялық жоспар немесе қысқаша Еуропалық Одақтың таксономиясы, ол тұрақты өсуді қаржыландыру үшін ортақ тіл мен жалпы жіктеу жүйесін құруға негізделген, тұрақты экономикалық қызметке байланысты тізім мен жіктеуді белгілейді. Осылайша, ол компанияларға, инвесторларға және заң шығарушыларға қандай экономикалық қызмет экологиялық тұрақты болып саналатыны туралы қажетті анықтамаларды беруге бағытталған. ЕО таксономиясының арқасында инвесторлар компаниялардың «жасыл көз бояушылық» әрекеттерінен қорғалады, сонымен қатар компаниялар өздерінің экологиялық өзгерістерін жоспарлауда көмек пен қолдау алады және нарықтардың дифференциация да азаяды. 2020 жылдың шілдесінде күшіне енген таксономия туралы ережеге сәйкес экологиялық тұрақты деп санау үшін экономикалық қызметке сәйкес келетін кейбір критерийлер анықталды және 6 экологиялық мақсат қойылды. Бұл мақсаттар:

- Климаттың өзгеруін азайту
- Климаттың өзгеруіне бейімделу
- Теңіздер мен басқа да су ресурстарын тұрақты пайдалану және қорғау
- Айналмалы экономикаға көшу
- Ауаның ластануының алдын алу және бақылау
- Биоәртүрлілік пен экожүйені жақсарту және қорғау [10].

Еуропалық Одақтың таксономиясы күшіне енген кезде Дүниежүзілік банк қаржылық жүйелерін тұрақты еткісі келетін дамушы елдерге арналған нұсқаулықты жариялау арқылы бұл мәселеге араласты. Ұйым жасыл таксономияны капиталды шынымен экологиялық тұрақты жобаларға тиімдірек және дәл бағыттауға көмектесетін жүйе ретінде анықтайды [11]. Дайындалған нұсқаулық банктерге және басқа қаржы институттарына «жасыл» банк өнімдерін дамытуға көмектесуге бағытталған.

Жасыл қаржыландыру өнімдері бөлшек банк өнімдері жасыл ипотекалық несиелер, жасыл автокредиттер, жасыл несиелер карталары, жасыл депозиттер; корпоративтік банк өнімдері болып табылатын жасыл жобалар, жасыл секьюритизация және жасыл облигациялар, жасыл сукук, жасыл венчурлық капитал, көміртекті қаржыландыру және эмиссиялық сауданы қаржыландыру; активтерді басқару тұрғысынан жасыл қоғамдық қор, жасыл инвестициялық қорлар, көміртегі қоры, апаттық облигациялар қорлары; сақтандыру өнімдері бойынша жасыл көлікті сақтандыру, жасыл құрылысты сақтандыру және көміртекті сақтандыру болып жіктеледі [12]. Экологиялық және әлеуметтік деградацияны тоқтату және азайту үшін болжамды инвестициялық өтінімдер арқылы белгілі бір экологиялық және әлеуметтік міндеттемелерді орындауға міндеттенетін өтінімдер «жасыл несиелер» деп аталады. Корпоративтік банк өнімдерімен бірге қоршаған ортаны қорғауға

бағытталған жобаларды қаржыландыру қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта «жасыл облигациялар» және «жасыл сукук» сияқты экологиялық пайда әкелетін бұл қарыз құралдары қоршаған ортаға оң әсер ететін «жасыл» жобаларды қаржыландыру үшін қолданылады. Жасыл қоғамдық қор, жасыл инвестициялық қорлар, жасыл қаржыландыру өнімдеріне жататын көміртегі қорлары сияқты өнімдерді активтерді басқару компаниялары экологиялық мақсаттағы жобаларда пайдаланатыны белгілі. Сыйлықақылардың мөлшері олардың экологиялық сипаттамаларына байланысты өзгеретін және қоршаған ортаны қорғауға инвестиция салу үшін арнайы жасалған сақтандыру өнімдері де тағы бір қаржы құралы болып табылады.

Жасыл облигациялар. Еуропалық инвестициялық банк (ЕИБ) - тұрақты облигациялар шығарған алғашқы көп салалы даму институты. 2007 жылы, 1 млрд долларлық эмиссиядан бір жыл өткен соң, Дүниежүзілік банк климаттың өзгеруін азайту және бейімдеу жобаларын қаржыландыру үшін екінші жасыл облигациясын шығарды. Келесі кезеңдерде басқа мекемелер (мемлекеттер, банктер, муниципалитеттер, кейбір ірі компаниялар) жасыл облигацияларды шығара бастады. 2021 жылы тұрақты даму облигациялардың эмиссиясы 1 триллион доллардан асты (2-кесте). Қарастырылып отырған облигациялардың кейбіреулері сертификатталған жасыл облигациялар болса, екінші бөлігі эмитент өз пікірі бойынша жасыл деп шешкен және ешқандай сертификаттау процесі арқылы тәуелсіз ұйым белгілемеген жасыл облигациялар болып табылады.


Кесте – 2

Тұрақты даму облигацияларының жалпы шығарылымы (млрд АҚШ доллары)*

Жыл	Жасыл облигация	Әлеуметтік облигация	Тұрақты облигация	Тұрақтылыққа байланысты облигация	Өтпелі облигация	Барлығы
2019	262.50	18.79	52.80	4.24	1.05	339.38
2020	301.94	170.38	137.15	9.31	2.60	621.38
2021	560.99	220.05	198.58	96.20	4.26	1,080.08
2022	508.52	173.73	149.19	75.77	3.50	910.71
2023-жылдың бірінші жартысы	309.81	95.49	87.05	33.07	1.08	526.50

*Дереккөз: [13] негізінде автормен құрастырылған.

Еуропа тұрақты даму облигацияларының шығарылымы бойынша әлемдік көшбасшы болып табылады (1-сурет). Еуропада әсіресе жасыл облигациялардың эмиссиясын тұрақты түрде артуда. Еуропа тұрақты даму облигацияларының эмиссиясының 50%-дан астамын эмиссиялайды. Жасыл облигациялардың шығарылымы бойынша негізгі эмитенттер Германия, Италия, Ұлыбритания, Франция және Австрия елдері болып табылады. 2022 жылы Таяу Шығыс/Африка елдері жасыл облигациялар бойынша жыл сайынғы шығарылымның ең жоғары деңгейіне жетті (3%). Сонымен қатар Солтүстік Америкада эмиссия көлемі соңғы жылдары төмендеп жатқандығын көруге болады.



Сурет 1– Жасыл облигациялардың эмиссиясы бойынша аймақтардың үлесі(%)*

*- [13] негізінде автормен құрастырылған

Жасыл несиелер. Қаржы реттеушілері банктерді қаржыландырудың арнайы түрлерін көбейтуге, экологиялық таза жобаларды жүзеге асыруға ынталандырады. Осы тұрғыдан алғанда, жасыл несиелер энергия тиімділігі мен көміртегі шығарындыларын азайту сияқты мақсаттар бойынша жүзеге асырылуы жоспарланған жобаларды қаржыландыруға арналған механизм болып табылады. Түрлі қаржы институттары, әсіресе Дүниежүзілік банк әзірлеген жасыл несиелер арқылы несиелік мекеме несиесі сұраушы мекемеден аталған қорды әртүрлі экологиялық және әлеуметтік нашарлауды азайту үшін әзірленетін жобаларға пайдалануды сұрайды. Сондықтан жоба жасыл несиесі арқылы қаржыландыруға лайық деп танылу үшін ол экологиялық және әлеуметтік деградацияға қарсы шешім әзірлеуі керек. Несие шығындары компаниялардың экологиялық күш-жігерімен анықталатын несиелерде пайыздық мөлшерлемелер тұрақты мақсаттарға қол жеткізудің сәттілігімен анықталады. Экологиялық тұрақтылық тұрғысынан көрінетін табысқа жеткен жобалар әлдеқайда қолжетімді шығындармен қаржыландыруды ала алады. Осы тұрғыда Дүниежүзілік банк ауаның ластану мәселесімен күресіп жатқан Вьетнамда жұмыс істейтін VPBank-ке 212,5 миллион доллар көлеміндегі алғашқы жасыл несиесін берді.

Жасыл биржалар. Кейбір инвесторлар акцияларды инвестициялауда олардың басымдықтарын анықтау кезінде компаниялардың экологиялық тазалығын ескеруі мүмкін. Бұл жағдайда олар өз инвестицияларын тек жасыл компаниялардың акцияларына бағыттауды жөн көреді. Алайда, бұл белгілі бір және аз ғана компаниялардың акцияларына сұраныстың туындауына және портфельді эртарандыру бөлігінде инвесторларды бағалы қағаздардың бір түрімен шектеу арқылы эртарандыру мүмкіндігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Әсіресе институционалдық инвесторлар мұны жөн көрмейтіндіктен, қор биржалары инвестицияны неғұрлым ауқымды салаға тарату үшін мұндай инвестицияларға жол ашуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, Климаттық облигациялар бастамасы (Climate Bonds Initiative -CBI) Люксембург жасыл қор биржасы (әлемдегі алғашқы жасыл қор биржасы), Лондон, Нигерия және Йоханнесбург қор биржаларымен бірлескен есеп ұсынды және бағалы қағаздар биржалары жасай алатын салымдар туралы мәлімдеді. Бұл салымдар жасыл облигациялар бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу, жасыл облигациялар немесе шығарындылар саудасының индекстерін құру, ашықтықты арттыру, нарықтағы байланыс пен ынтымақтастықты ынталандыру, жасыл облигациялардың тізімдері мен бөлімдерін құру және нарықтық білім беруді қамтамасыз ету ретінде анықталды. Тұрақты қор биржалары (Sustainable Stock Exchanges) бастамасына мүше елдердегі қор биржалары арасында ESG есебіне листингтік талаптар бар. KASE қор биржасын қосқанда 119 қор биржасы Тұрақты қор биржаларына мүше болып табылады. 2014 жылы құрылған Тұрақтылық индексіне 63902 компания тіркелген [14].

Тұрақты қаржы құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктері. Жоғарыда аталған себептерге байланысты өсіп келе жатқан, бірақ әлі де болса оның қазіргі әлеуетінен артта қалған тұрақты қаржыландыру құралдарына деген қызығушылықты толық түсіну үшін осы құралдарды тартымды ететін артықшылықтарды және олардың кемшіліктерін жалпы негізде көрсету маңызды (3-кесте).

Кесте – 3

Тұрақты қаржы құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктері*

<i>Артықшылықтары</i>	<i>Кемшіліктері</i>
Бұл инвесторларға климаттың өзгеруіне қатысты уәделерін орындауға көмектеседі.	Тұрақты қаржыландыру тәжірибесіне қатысты білім мен консенсустың болмауы, сондай-ақ нақты стандарттардың болмауы белгісіздікті күшейтеді.
Қорды пайдалану туралы есеп беру талабы басқа қаржы құралдарымен салыстырғанда тәуекелді өлшеуді ашық етеді.	Есеп беру ерікті болғандықтан, ол ашықтықта қиындықтар тудыруы мүмкін.
Болашақта күшті сұраныспен ол дәстүрлі қаржыландыру құралдарына қарағанда аз шығындармен, үлкен көлемде, ұзақ мерзімде және икемді шарттарда қаражат береді.	Тұрақты қаржыландыру құралдарын негізгі қорларға біріктіруге толық қол жеткізу мүмкін болмағандықтан, кейбір транзакциялық шығындар дәстүрлі тәжірибемен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.
Тұрақты қаржыландырудың арқасында компаниялар және басқа ұйымдар өздерін жаңашыл ретінде таныту арқылы өз беделін арттыра алады.	Жобаларды қадағалау үшін қолданылатын таңбалау, есеп беру және бақылау процестері қосымша шығындарды тудыруы мүмкін.
Жасыл инвестициялар мен жеке-мемлекеттік сектор ынтымақтастығы қарқыны артып келеді.	Тұрақты қаржы құралдары мен институттарының беделі «жасыл көз бояшылық» арқылы төмендеуі мүмкін.
Жасыл компанияларға инвестиция салғысы келетін инвесторларға мүмкіндік жасалуда.	Ол басқа қаржы нарықтарына қарағанда шағын және өтімділігі төмен.
Инвесторлар тәуекелді қаржылық табысты қоршаған ортадан түсетін пайдамен теңестіре алады	Оның құқықтық негізі дәстүрлі қаржыландыру құралдарына қарағанда әлсіз.
Экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) инвестицияларына жүгінудің моральдық қанағаттануы мүдделі тараптарға оң әсер етеді.	
Бұл портфельдегі әртараптандыруды арттырады.	
Жасыл жобаларды жүзеге асыру арқылы міндеттемелерді орындауға күш салу ішкі байланысты арттыру арқылы корпоративтік құрылымды нығайтады.	
Ол саналы және ұзақ мерзімді тұтынушыларға экологиялық таза өнімдерді ұсынуға ықпал етеді.	

*Дереккөз: Әдебиеттер негізінде автормен құрастырылған.

3-кестеде көрсетілген тұрақты қаржыландырудың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, жағымсыз аспектілерге назар аудару және көптеген ықтимал артықшылықтардан бас тарту климаттың өзгеруінің салдарын жоюдың ұтымды таңдауы болмайды. Осы себепті инвесторлар әлемнің болашағына ықпал ететін тұрақты қаржы құралдарының артықшылықтарына назар аударатырып, дәстүрлі қаржыдан әртүрлі баламаларды дамыта алады.

Қорытынды. Бұл мақала бүгінгі қаржылық ортадағы тұрақты қаржы құралдарының маңыздылығын және олардың болашақ әлеуетін зерттеді. Нәтижелер тұрақты қаржының қаржы жүйесін трансформациялауда маңызды рөл атқаратынын және экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларының қаржылық шешімдер қабылдау процестеріне әсер ететінін көрсетеді. Тұрақты қаржыландыру жасыл облигациялар, әлеуметтік облигациялар және тұрақты қорлар сияқты қаржы құралдары арқылы әртүрлі секторлардағы тұрақты жобаларға инвестициялау мүмкіндіктерін ұсынады. Бұл құралдар инвесторлар үшін қаржылық табысты қамтамасыз етудің жалғыз мақсатынан асып түседі және олармен бірге қоршаған ортаға және әлеуметтік әсер ету әлеуетін әкеледі. Тұрақты қаржы құралдары қаржылық шешім қабылдаушыларға тәуекелдерді басқаруды жақсарту және экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын бағалау арқылы ұзақ мерзімді құнды құру мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Болашақта тұрақты қаржы құралдарының рөлі бұдан да арта түседі. Қоғамдар өздерінің экологиялық және әлеуметтік жауапкершіліктеріне сезімтал болған сайын, қаржылық субъектілер тұрақтылық үшін көбірек жауапкершілікке ие болады деп күтілуде. Тұрақты қаржы құралдары қаржылық жүйені күштірек, берік және этикалық негізге құруға үлес қоса отырып, болашақ ұрпаққа неғұрлым тұрақты экономикалық үлгі қалдыру мүмкіндігіне ие. Елдердің тұрақты қаржыға деген көзқарасы жаһандық ынтымақтастық пен стандарттардағы өзгерістерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Тұрақты қаржыны қабылдау елдерден өздерінің қаржылық жүйелерін тұрақтылық қағидаттарына сәйкестендіруді және осы саладағы әлемдік деңгейдегі озық тәжірибеге үлес қосуды талап етеді. Бұл үдерісте ашық есеп беру және тиімді реттеулер тұрақты қаржыны дамытуға жетекші елдер арасындағы айырмашылықтарды азайтып, жаһандық тұрақтылық күш-жігеріне ықпал ете алады. Нәтижесінде, тұрақты қаржы құралдары қаржы әлемінде түбегейлі өзгерістерді бастады және болашақта маңыздырақ бола береді. Бұл құралдар қаржылық шешім қабылдаушыларға жай ғана пайданы мақсат етумен шектеліп қалмауға мүмкіндік беру арқылы жаһандық тұрақтылық күш-жігеріне үлес қосатын тиімді құралдар жиынтығын ұсынады. Осы тұрғыда тұрақты қаржыландыруды неғұрлым тиімді және кеңінен қолдануды қамтамасыз ету үшін төмендегі ұсыныстар маңызды болып табылады:

- Ілгері зерттеулер және білім беру: Тұрақты қаржы құралдары мен әдістері бойынша көбірек зерттеулер жүргізіліп, қаржы мамандары мен инвесторлар үшін білім беру бағдарламалары әзірленуі керек. Бұл тұрақты қаржыны түсінуді арттырады, оның кеңірек қабылдануына ықпал етеді.

- Ашық есеп беру және стандарттар: Қаржы институттары мен компаниялар өздерінің тұрақтылыққа қатысты қызметтері туралы ашық есеп беруі және жаһандық деңгейде қолданылатын стандарттарға сәйкес келуі керек. Бұл қаржы нарықтарындағы тұрақтылыққа әсер етуді арттыруға ықпал ететін салыстырмалы және сенімді деректерді құруға мүмкіндік береді.

- Қаржы институттарының тұрақтылығы туралы есеп беруі: Қаржы институттары өздерінің тұрақтылық стратегиялары туралы тиімдірек есеп беруі және инвесторларға осы стратегиялар туралы нақты ақпарат беруі керек. Бұл инвесторлардың тұрақты қаржыға деген сенімін арттыруға ықпал етеді.

- Тұрақты даму туралы есеп берудің интеграциясы: Қаржы реттеушілері мен қор биржалары компаниялардан тұрақтылық туралы неғұрлым толық есеп беруді талап етуі және осы ақпаратты инвесторлар тарапынан тиімдірек бағалауға мүмкіндік беретін әдістерді әзірлеуі керек.

Бұл ұсыныстар тұрақты қаржыны кеңірек қабылдаудың жол картасын сипаттайды және болашақ тұрақты даму мақсаттарына тиімдірек үлес қосу үшін қаржы секторына қолдау көрсетеді. Бұл күш-жігер бүгінгі күннің қажеттіліктерін ғана емес, сонымен бірге болашақ ұрпақтардың да қажеттіліктерін ескере отырып, тұрақты қаржыландыруды дамытуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ruggiero C. Sustainability and sustainable development: A review of principles and definitions //Science of the Total Environment. – 2021. – (786). – P. 147-481.
2. Nedopil Wang C., Lund Larsen M., Wang Y. Addressing the missing linkage in sustainable finance: The ‘SDG Finance Taxonomy’ //Journal of Sustainable Finance & Investment. – 2022. – №2 (12). – P. 630-637.
3. Cunha F., Meira E., Orsato R. Sustainable finance and investment: Review and research agenda //Business Strategy and the Environment. – 2021. – №8 (30). – P. 3821-3838.
4. Ziolo M. et al. The relationship between banks and company business models-sustainability context //Procedia Computer Science. – 2020. – (176). – P. 1507-1516.
5. Giese G. et al. Foundations of ESG investing: How ESG affects equity valuation, risk, and performance //The Journal of Portfolio Management. – 2019. – №5 (45). – P. 69-83.
6. Chouaibi J. et al. Does environmental, social, and governance performance affect financial risk disclosure? Evidence from European ESG companies //Competitiveness Review: An International Business Journal. – 2023.
7. Chouaibi S. et al. Exploring the moderating role of social and ethical practices in the relationship between environmental disclosure and financial performance: Evidence from ESG companies //Sustainability. – 2021. – №1 (14). – P. 209.
8. International Monetary Fund (IMF). Global Financial Stability Report: Lower for Longer. Washington, DC. – 2019.
9. Schoemaker D. Investing for the common good: A sustainable finance framework //Brussels: Bruegel. – 2017. – (80).
10. EU, Regulation (EU) 2020/852 of the European Parliament and of the Council of 18 June 2020 on the establishment of a framework to facilitate sustainable investment, and amending Regulation (EU) 2019/2088, Official Journal of the European Union. – 2020. – (63).
11. World Bank. 2020. Climate Finance Joint Report on Multilateral Development Banks, 2019. – URL: <https://is.gd/XyiVxO>
12. Kumar S. A quest for sustainium (sustainability Premium): review of sustainable bonds //Academy of Accounting and Financial Studies Journal. – 2022. – №2 (26). – P. 1-18.
13. Environmental Finance Bond Database. S&P Global Ratings. – URL: <https://is.gd/bIXybE>
14. Sustainable Stock Exchanges Initiative. – URL: <https://sseinitiative.org/exchanges>

REFERENCES

1. Ruggiero C. Sustainability and sustainable development: A review of principles and definitions //Science of the Total Environment. – 2021. – (786). – P. 147-481.
2. Nedopil Wang C., Lund Larsen M., Wang Y. Addressing the missing linkage in sustainable finance: The ‘SDG Finance Taxonomy’ //Journal of Sustainable Finance & Investment. – 2022. – №2 (12). – P. 630-637.
3. Cunha F., Meira E., Orsato R. Sustainable finance and investment: Review and research agenda //Business Strategy and the Environment. – 2021. – №8 (30). – P. 3821-3838.
4. Ziolo M. et al. The relationship between banks and company business models-sustainability context //Procedia Computer Science. – 2020. – (176). – P. 1507-1516.
5. Giese G. et al. Foundations of ESG investing: How ESG affects equity valuation, risk, and performance //The Journal of Portfolio Management. – 2019. – №5 (45). – P. 69-83.
6. Chouaibi J. et al. Does environmental, social, and governance performance affect financial risk disclosure? Evidence from European ESG companies //Competitiveness Review: An International Business Journal. – 2023.
7. Chouaibi S. et al. Exploring the moderating role of social and ethical practices in the relationship between environmental disclosure and financial performance: Evidence from ESG companies //Sustainability. – 2021. – №1 (14). – P. 209.
8. International Monetary Fund (IMF). Global Financial Stability Report: Lower for Longer. Washington, DC. – 2019.

9. Schoemaker D. Investing for the common good: A sustainable finance framework //Brussels: Bruegel. – 2017. – (80).

10. EU, Regulation (EU) 2020/852 of the European Parliament and of the Council of 18 June 2020 on the establishment of a framework to facilitate sustainable investment, and amending Regulation (EU) 2019/2088, Official Journal of the European Union. – 2020. – (63).

11. World Bank. 2020. Climate Finance Joint Report on Multilateral Development Banks, 2019. – URL: <https://is.gd/XyiVxO>

12. Kumar S. A quest for sustainium (sustainability Premium): review of sustainable bonds //Academy of Accounting and Financial Studies Journal. – 2022. – №2 (26). – P. 1-18.

13. Environmental Finance Bond Database. S&P Global Ratings. – URL: <https://is.gd/bIXybe>

14. Sustainable Stock Exchanges Initiative. – URL: <https://sseinitiative.org/exchanges>

Сыздықова А.О.

МЕХАНИЗМЫ И ИНСТРУМЕНТЫ УСТОЙЧИВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ

Аннотация

Инструменты устойчивого финансирования, получившие распространение в мире в 2000-х годах, включают финансовые продукты и услуги, содержащие решения, которые устранят негативное воздействие на окружающую среду или обеспечат экологические выгоды. Сектор финансовых услуг состоит из различных организаций, таких как индивидуальные банковские услуги, корпоративные банковские/инвестиционные банковские услуги, банки развития, компании по управлению активами и страховые компании. Благодаря пониманию устойчивого финансирования начали развиваться многие экологически чистые финансовые продукты и услуги, связанные с этими организациями, которые внедряются в различных частях Европы и мира.

В этой статье особое внимание уделяется устойчивым финансовым инструментам, анализируется важная роль устойчивых финансов в современной финансовой среде. По сравнению с традиционной финансовой парадигмой, устойчивые финансовые инструменты отличаются перспективой, включающей экологические, социальные и управленческие факторы.

Основная цель этой статьи-детальный анализ функционирования и использования устойчивых финансовых инструментов, таких как зеленые облигации, социальные облигации, зеленый кредит и зеленые биржи. В статье также сравниваются преимущества и недостатки устойчивых финансовых инструментов.

В качестве метода исследования были использованы методы систематизации, дедукции и индукции научной литературы для понимания роли устойчивых финансовых инструментов на финансовых рынках и оценки интеграции этих инструментов в финансовую систему.

Результаты исследования показывают, что использование устойчивых финансовых инструментов является важным инструментом достижения целей устойчивого развития как для инвесторов, так и для финансовых учреждений. Кроме того, в исследовании содержится ряд рекомендаций по обеспечению более эффективного и широкого использования устойчивого финансирования.

Syzdykova A.

MECHANISMS AND INSTRUMENTS OF SUSTAINABLE FINANCING

Annotation

Sustainable financing tools, which gained momentum in the world in the 2000s, include financial products and services that contain solutions that will eliminate negative environmental impacts or provide environmental benefits. The financial services sector consists of different organizations such as retail banking, corporate banking/investment banking, development banks, asset management and insurance companies. With the understanding of sustainable finance, many environmentally friendly financial products and services related to these institutions have begun to develop, which are being implemented in various parts of Europe and the world.

This article focuses on sustainable finance instruments, analyzing the important role of sustainable finance in today's financial environment. Compared to the traditional finance paradigm, sustainable finance instruments differ in that they include a perspective that includes environmental, social, and governance factors.

The main purpose of this article is to provide a detailed analysis of the functioning and use of sustainable finance instruments, such as green bonds, social bonds, green loans and green exchanges. The article also compares the advantages and disadvantages of sustainable finance instruments.

The research method used was the systematization of scientific literature, deduction and induction methods to understand the role of sustainable finance instruments in financial markets and assess the integration of these instruments into the financial system.

The results of the study show that the use of sustainable finance instruments is an important tool for achieving sustainability goals for both investors and financial institutions. In addition, the study makes several recommendations to ensure a more effective and widespread use of sustainable finance.

